

"1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге байланысты Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету қағидасы туралы" Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 352/49-V шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 23 ақпандағы № 464/64-V шешімі

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге байланысты Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету қағидасы туралы" Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 352/49-V шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 27 сәуірде № 901 болып тіркелді, 2015 жылғы 30 сәуірдегі "Астана ақшамы" газетінің № 46 нөмірінде, 2015 жылғы 30 сәуірдегі "Вечерняя Астана" газетінің № 46 нөмірінде, "Әділет" ақпараттық - құқық жүйесінде 2015 жылдың 4 мамырында жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

*Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

Б. Солсанов

*Астана қаласы
мәслихатының хатшысы*

С. Есілов